

## Білікті маман даярлау жайы қалай?

Сіз не дейсіз?

*Бүгінде өндірістің жаңа серпінмен дамуы инженер кадрларын даярлаудың сапалық деңгейін көтеруді талап етіп отырғаны мәлім. Экономиканы индустриялық-инновациялық жаңғырту міндеттерін іске асырудың салмақты жүгі техникалық оқу орындарының түлектері үлесіне тимек. Аталған саланы білікті мамандармен қамтамасыз ету мәселесін шешудің жолдары табылуы қалай?*

*«Егемен Қазақстан» газетінің Қарағанды облысындағы тілшісі Айқын Несіпбай Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті тау-кен институтының директоры, техника ғылымдарының докторы Ибадолла Арыстанға:*

– Сіз бұған не дейсіз?

– Біздің университет тарапынан бұл бағыттағы іс-іздемістер айтуға тұрарлық деуге болады. Алдымен атағанда, кезінде шәкірттердің білімдерін өндіріспен тікелей ұштастырып, тереңдете алу мүмкіндігі толық қалпына келтірілді. Мұның үстіне шетелдік оқу орындарының дуальді оқыту жүйесін енгізу болашақ инженерлер сапын сапалы толықтыруға жол кеңейте түсті. Соның талабына сәйкес, олар оқу уақытының үлкен бөлігін кәсіпорындарда өткізу арқылы теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде шыңдауға қол жеткізіп жүр. Бұл үшін оқу орнымыз жанынан корпоративтік университет құрылды. Осыған байланысты басты мақсат өндірістік буындармен өзара тиімді қарым-қатынасты орнықтыру, яки оларға қажетті мамандарды бірлескен іс-қимылда, тиісті келісім-шарттар бойынша даярлау болатын. Бір тәуірі, ынташыл бастамамыз қолдау тапты. Басында 40 кәсіпорын қостаса, бүгінде қатары 80-ге жетіп отыр. Бұлардың ішінде «Арселор Миттал Теміртау» компаниясы, «Қазақмыс» корпорациясы, Қарағанды машина жасау холдингі секілді алыптар бар. Осы ынтымақтастық мәнін түйіндеп түсіндіргенде, мәселен, университет өндіріс орындарында кафедралар филиалдарын құру арқылы түлектердің тікелей іс үстінде ысылуына жағдай туғызса, кәсіпорындар мамандар біліктілігін өздерінде сынап, инженерлері құрамын толықтыра алатын болады.

– Бүгінде университетте аймақ экономикасының тау-кен ісі, машина жасау, құрылыс сияқты басым салаларына жоғары білікті мамандар даярлауға арналған 4 ірі ғылыми-өндірістік орталық жұмыс істейді. Осы орайда франциялық «Тотал» мұнай компаниясымен бірлесіп құрылған дәнекерлеу ісі орталығын орынды мақтаныш тұтамыз. Мұнда машина жасау факультетінің шәкірттері 2-ші курстан бастап заманауи құрал-жабдықтарда шеберлік ұштайды. Түлектерге дәнекерлеу бойынша халықаралық үлгідегі сертификат

беріледі. Соның арқасында аталған компанияның қандай да құрылымында жұмысқа орналаса алуларына мүмкіндік бар. Ал корпоротивтік университет жүйесі арқылы 66 кәсіпорынмен арада жасалған келісім-шарт бойынша 608 маман даярланды. Бәрі еңбекке тартылды. Қазір 2 мыңға тарта шәкірт өндірістерде құрылған арнаулы кафедралардың 55 филиалында осы жолдан өтуде. Алдағы уақытта оқыту үдерісі көлемінің кем дегенде 55 пайызын кәсіпорындар цехтарына ауыстыру көзделіп отыр.

**ҚАРАҒАНДЫ.**